

НҰРТАЗЕНОВ, Т.Қ., ВИДЕРШПАН, А.В.

Л.Н. ГУМИЛЕВТИҢ ІЛІМІ НЕЛІКТЕН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЛІМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ?

Бұл жұмыста Л.Н. Гумилевтің пассионарлық теориясы философия және тарих әдіснамасы ретінде қарастырылады. Бұл теорияның негізгі ережелері тарихи даму заңдылықтарын сипаттайды және болған және болып жатқан тарихи процестерді түсінуге де, болашақ тарихи оқиғаларды болжауға да қызмет ете алады. Этногенезді табиғи процесс ретінде, ал мәдениеттануды әлеуметтік процесс ретінде бөлу Л.Н. Гумилевке тарихты талдауға деген формациялық және өркениеттік тәсілдердің артықшылықтарын біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл идеялар тарихи процестің ең жалпы заңдылықтарын көрсетеді, бұл пассионарлық теориясын философиялық және тарихи теория деп санауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: философия, тарихфилософиясы, тарихи процесс, тарихи процестің заңдылықтары, диалектикалық материализм, этногенез, пассионарлық, әлеуметтік-мәдени генезис.

NURTAZENOV, T.K., VIDERSHPAN, A.V.

WHY DOCTRINE OF L.N. GUMILYOV IS A PHILOSOPHICAL DOCTRINE?

The paper considers the theory of passionarity L.N. Gumilyov as a philosophy and methodology of history. It is shown that the main provisions of this theory describe the laws of historical development and can serve both to understand what has happened and are ongoing historical processes, and to predict future historical events. The separation of ethnogenesis as a natural process and cultural genesis as a social process allows L.N. Gumilyov combine the advantages of formational and civilizational approaches to the analysis of history. These ideas reflect the most general laws of the historical process, which allows us to consider the theory of passionarity as a philosophical-historical theory.

Key words: philosophy, philosophy of history, historical process, laws of the historical process, dialectical materialism, ethnogenesis, passionarity, sociocultural genesis.

ӘОЖ 82.0(574)

Оспанұлы, С.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының профессоры

Мырзағалиева, К.М.

филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан

ДОМБЫРА ЖАСАУ ІСІ ҚАЛАЙ ЖАНДАНДЫ?

Түйін

Қазақ топырағынан шыққан әл-Фараби, Абай мен Шоқанды айтпағанда Қазақстанда аспаптану ғылымы 1964 жылдан бастап қана қолға алына бастады. Халық арасында домбыра, қылқобыз, сыбызғы, т.б. дәстүрлі музыкалық аспаптар жасаушылар болғанымен, олар бұл іспен арнайы айналысып, шеберханалар ашқан емес. Домбыра тек тұтас ағаштан ойылып жасалды. Құрап жасау кейін пайда болды.

Бұл мақалада Қазақстанда домбыра жасау ісі қалай, қашан жүзеге аса бастағаны, ұлттық аспабымыздың сапасын жақсарту жайы зерделенеді.

Кілт сөздер: домбыра, күй, өнер, шебер, музыка, шеберхана, музыкалық аспап.

1 Кіріспе

Әміре Қашаубаевтың Парижге барып, этнографиялық концерттерге қатысуы үшін 1925 жылы Оқу-ағарту комиссары А.В. Луначарскийдің ұсынысы бойынша Мәскеудегі музыка шеберханасында қазақтың ұлттық музыкалық аспабы домбыра қайта өңделіп жасалды. Қазақстанда бұл іс 1932 жылы ғана қолға алынып, Алматы қаласында тұңғыш музыкалық аспаптар жасайтын шеберхана ашылып, жұмыс істей бастады. Алғашқы домбыра жасаушы шеберлер ағайынды Борис пен Имануил Романенко болды. Кейін оларға Қамар Қасымов, Қамбар Медетов (аз уақыт), Арыстан Ермаков қосылды.

Ленинград консерваториясында оқыған Ахмет Жұбановтың ұйымдастыруымен 1933 жылы он бір адамнан тұратын домбырашылар ансамблі негізінде 1934 жылы Қазақстан Орталық атқару Комитеті (КазЦИК) атындағы оркестрі құрылды.

Оркестр ұлттық аспаптарға, соның ішінде домбыраға зәру болды. «1930 жылдары дүниеге келген эксперименттік шеберхананың өзі жойылып кетті, – дейді СССР Халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің сол кездегі бас дирижері, профессор Шамғон Қажығалиев – шеберхананың орнына фабрика ашса, оркестр мұндай кіріптар жағдайға душар болмас еді. Консерваторияның музыкалық шеберханасы жұмыс істеп тұрған. Алайда онда ғылыми зерделілікпен танып, домбыра үнінің жақсы, жаманын айыра білетін маман жоқ еді. Ал, Қарағанды облысындағы Осакаровка мен Алматыдағы мебель фабрикасының жанындағы музыкалық цех жасаған домбыралар іске алғысыз еді» [1].

Ш.Қажығалиев «эксперименттік шеберхана» дегені осы шеберхана.

2 Материалдар мен әдістер

1934 жылы халық өнер қайраткерлерінің Бірінші бүкілқазақстандық слетіне дайындық жүргізіле бастайды. Бұл іске шеберхана ұжымы да атсалысып, он бес алыт домбыра жасайды.

Слеттен кейін шеберхана 1934 жылы ұйымдастырылған «КазЦИК» атындағы қазақтың халық аспаптарының тұңғыш профессионалдық оркестрі үшін және қазақ өнерінің 1936 жылы Мәскеуде өткізілмекші болған декадасына арнап аспаптар жасауға кірісті [2].

Ш. Қажығалиевтің «эксперименттік шеберхана» дегені осы шеберхана.

1934 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Қазақ музыкасының алғашқы адымы» деген мақалада Алматы музыка техникумында 16 қыркүйек күні музыка аспаптары шеберханасы жасаған домбыра түрлерінен ұйымдастырылған тұңғыш оркестрдің ойын көрсеткені туралы шолу берілген. Онда оркестрді ұйымдастыру ісіндегі Ахмет Жұбановтың еңбегі жоғары бағаланады [3].

«1935 жылдың басында бүкілқазақстандық тоғызыншы кеңестер съезінің соңғы күнінде жаңа ашылғалы жатқан филармонияның күшімен концерт беріліп, шымылдықты «Казатком» атындағы ұлт оркестрі «Интернационалды» орындаумен ашты. Бірнеше күйден кейін қазақ тарихында бірінші рет, оркестрмен «Адай» күйі орындалды. Екінші бөлімінің басында Ғанбар (Қамбар – С.О.) Медетов жеке домбырада «Ақсақ құлан» күйін орындады. Күйшінің қолындағы домбыра бір үлгіде жасалып шыққан, ағаштары таңдалып алынған үш домбыраның бірі еді. Осы күнгі орыс драма театрының іші әсем дыбысқа толып, әсіресе, домбыраның сағасына қол барған кезде құлындай шыңғырған Жошының өлім үні залдың соңғы қатарына дейін анық естілді. Сөйтіп күйші «Ақсақ құлан» уақиғасын домбырамен-ақ көрермендерге жеткізе білді» [4].

Домбыра жасаудың асқан шебері Қамар Қасымов 1934 жылы осы экспериментальды шеберханада жұмыс істеп жүрген кезде домбыра, қобыз, сондай-ақ аңшылық пен саяткерлікте қолданылып келген дауылпаз бен шындауыл, бақташылар аспабы аталып кеткен сыбызғыны оркестрлік шығармаларды орындауға лайықтап беріпті.

«Қ. Қасымовтың әсем өрнектеп жасаған музыкалық аспаптары көптеген музейлерде (Москва, Ленинград, Алматы, Семей) сақтаулы. Еңбек Қызыл Ту ордені және медальдармен наградталған» [5].

Жазушы Қалмұқан Исабаев «Ана тілі» газетінде жарық көрген «Сталинге домбыра жасаған шебер» деп аталатын мақаласында Қамар Қасымовтың 1949 жылы үкімет тапсырмасымен Л.Мирзоян мен Сталинге домбыра жасап бергенін айтады [6].

Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері (1958), домбыра жасаушы шебер 1966 жылы қайтыс болған.

1923 жылы 22 тамызда Совнарком отырысында өнер зерттеушісі, этнограф А.В.Затаевичке қазақ әндерін жинап, кітап етіп бастыру үшін қаражат бөлу мәселесі сөз болады. Осы жиында наркомпрос Ахмет Байтұрсынұлы орыс және қазақ тілінде «Қазақ халқының бай музыкалық мұрасы туралы» деген тақырыпта сөз сөйлеп, музыкалық аспаптар жасайтын Орынбор шеберханасын қаржыландыру керектігін айтады [7].

Ахаңның ондағы мақсаты – қазақ музыкалық аспаптарын жасату еді. Алайда маңайындағылар да, үкімет те қаражат жоқтығын желеу етіп Ахаңның бұл ойын жүзеге асыруына кедергі жасады.

Соғыс жылдары, одан кейінгі жылдарда да бұл іс шешімін таба қойған жоқ. Ел арасындағы шеберлер қолынан шыққан және Осакаровка шығарған домбыралар халық қажетін өтей алмады.

1945 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясында қазақ халық аспаптары бөлімі ашылуына орай оқу орны жанынан музыкалық аспаптар жасайтын шеберхана ашылып, оған шебер И. Романенко басшылық жасады. Ал халық аспаптары кафедрасының меңгерушілігіне Болат Сарыбаев тағайындалды.

1956 жылы қазіргі Атырау қаласындағы тұрмыстық комбинат жанынан музыкалық аспаптар дайындайтын шеберхана ұйымдастырылып, онда белгілі шеберлер Бисенғали Мырзағалиев пен Қалмұқан Оңалбаев И. Романенко жасаған домбыралар үлгісімен домбыра жасай бастады.

1958 жылы Осакаровка музыка комбинаты мен Алматы, Гурьев шеберханаларында музыкалық аспаптарды Мәскеу үлгісі бойынша жасау қолға алынды.

1965 жылы Алматыдағы музыкалық аспаптар жасайтын эксперименталдық шеберханада композитор, ұстаз Бақытжан Байқадамовтың ұсынысы бойынша тұңғыш рет балаларға арналған кішкене домбыралар жасала бастады. Ол домбыраны композитор «Балдырған» деп атады.

1968 жылы 27 ақпанда Қазақ ССР Министрлер Кеңесі музыкалық аспаптар шығару және олардың сапасын жақсарту туралы қаулы қабылдап, соған орай музыкалық аспаптардың қолданылып жүрген түрлерін қайта жасап, көне аспаптарды қалпына келтіру қолға алынды. Сонымен бірге ағаштың физикалық-механикалық және акустикалық қасиетін анықтау барысында да біраз жұмыстар атқарылды. Бұл іс аспаптарды жобалау, қазақ саз аспаптарының жаңа үлгілерін, сондай-ақ халық шеберлерінің тәжірибелері мен дәстүрлерін, этнографиялық материалды зерттеп-игеру негізінде жүргізілді.

Әртүрлі үлгідегі домбыралардың қақпақтары (бет тақтайлары) зерттелініп, оның жеке бөлшектерін құрастырып жинағаннан кейін серпінін белгілеу үшін кергіш (пружина) орнатылды. Қақпақты шанаққа жапсырып бекіткеннен соң топты жаңғырық шығады. Бұл шанақ пен бет тақтайдың арасындағы біртұтас жаңғырық.

Қақпақты өңдеу жұмыстары оның тербеліс жиілігіне өзгеріс енгізеді, сондықтан қақпақ шанаққа жапсырылып, бекітіліп өңделгеннен кейін тербеліс жиілігі қандай болатынын күні бұрын білу қиын емес. Оның үстіне ағаштың физикалық ерекшелігіне сәйкес көлемі бірдей қақпақтардың өзіндік үн шығару қасиеттері де әртүрлі. Сонда да қажетті интервал шамасында дыбыстайтын етіп күйге келтіруге болады. Тақтайшаларды іріктеу, қақпақтың қалыңдығын анықтау және серпінді орнату қақпақ ерекшелігіне байланысты [2].

1970 жылы Осакаровка музыкалық аспаптар фабрикасында жасалған бес домбыраға лабораторияда талдау жасалып, домбыра қақпағын қандай қалыңдықта, оған қойылатын пружиналардың қалыңдығы неше мм болуы керектігі анықталды.

3 Нәтижелер

1976 жылы Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Шәңгерей Жәнібеков кабинетінде отырыс өткізеді. Оған сол кездегі Ағаш өңдеумен жиһаз жасау министрі Молдан Әлдербаев, Мәдениет министрі Жексенбек Еркімбеков және музыка саласының мамандары, сонымен бірге Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметкерлері қатысады. Ш.Жәнібеков еліміздің рухани жағынан алға басып келе жатқанын, әсіресе музыка саласы қарқынды дамығанын айтып: «Мәдениет министрі Еркімбеков жолдас Орталық Комитет алдына бірнеше мәселе қойыпты. Соның бірі – домбыра жасау ісін қолға алу керектігі. Осыған байланысты Дінмұхаммед Ахметұлының берген нұсқауы бар. Сіздерді шақырып отырған себебім сол», – дейді.

Ағаш сөз алған Мәдениет министрі ауылдық жерлерде мәдениет үйлері салынып, өнерпаз жастардың да қатары жыл сайын өсіп келе жатқанын, әсіресе, ауылдық жерлерде тек қазаққа ғана тән домбыра аспабы жетіспейтінін, Орман шаруашылығы министрлігінің Осакаровкада жасайтын домбыралары өте аз, әрі сапасы төмен екендігін түсіндіре баяндап, сөз етіп отырған аспап өндірісін тек ағаш өңдеу министрлігі ғана жасай алатынын, сондықтан істі осы ведомствоға тапсыру керектігін айтады.

Ағаш министрі Молдан Әлдербаев ән-күйді, домбыраны жанындай сүйетін адам еді, қарсылық білдірмей, қайта іштей қуанып: «Келесі жылға жоспарға енгізуді мемлекеттік жоспарлау комитетіне тапсырыңыздар», – дейді. – Біз домбыра жасауда қандай технологияны таңдаймыз, керекті қаражатын есептейміз...».

Мемлекеттік жоспарлау комитеті де қарсылық білдірмейді. Өйткені Қонаевтың өзі қолдап отырғанын олар да жақсы білетін еді.

4 Талқылау

Алға қойған мақсатын орындау үшін Орман шаруашылығы министрлігі көп кешікпей коллегия отырысында домбыра жасайтын кәсіпорындарды ұйымдастыру мәселесін талқылап, Министрліктің жобалау және конструкторлық бюросына тиісті тапсырма береді. Коллегияда домбыра жасайтын жеке цех құрылысын Алматы жиһаз фабрикасына және Осакаровкадағы цехқа реконструкция жасап, ғимаратын кеңейту арқылы өндірістік қуатын арттыруға шешім қабылданады. Сөйтіп бір жарым жылдың ішінде үкіметтің домбыра жасау тапсырмасын жүзеге асырады. Алматы жиһаз фабрикасындағы арнаулы цех жылына 40 мың, Осакаровкадағы цех бұрынғы 15 мыңның орнына 60 мың домбыра жасайтындай жағдайға жеткізілді. Нәтижесінде жылына 100 мың домбыра жасалатын болды. Әрине, санын көбейтуді мақсат тұтпай, Болат Сарыбаев сияқты музыка мамандарының ақыл-кеңесімен сапасына көбірек көңіл бөлінді. Аспап жасаудағы механикаландырылған технология игеріліп, стандартқа сай домбыралар жасалды.

Домбыраның мойны, мойынның бетіне салынатын жұқа, қалыңдығы 5-6 мм. Мойынқақ (перекладка) еменнен, бет тақтайы Кострома облысынан әкелінген ақ қарағайдан еді.

Сол жылдары министрлік бойынша ағаштан жасалған бұйымдардың көрмесі ұйымдастырылып тұратын. Сөйтіп, қандай сұраныс бар, соны анықтайтын.

Бұл көрмеге Орталық Комитеттің Бюро мүшелері де, Үкімет басшылары да келіп тұратын. Бірде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев басқарған бір топ басшылар домбыралар қойылған залды көреді. Димекен ұлттық аспабымыздың бірін ұстап көріп «Сырт көрінісі жаман емес екен, дыбысы қандай екен, қане, өзің тартып жіберші», – деп домбыраны Молдан Әлдербаевқа ұсынады. «Димеке, менің ондай дарыным жоқ еді, мына жігіт тартып жіберсін», – деп қасындағы жігітке береді. Ол домбыраның құлағын күйге келтіріп, күй тартып береді. Сол күнді еске алған Молдекен: «Димекен де, қасындағылар да министрін құтқарып қалды», – деп күлісіп жатыр, міне осындай да жағдай болған», – дейді [9].

М. Әлдербаев кейін ұзақ жылдар «Шипад» фирмасының кеңесшісі болды.

Домбыра жасауда және оны жетілдіруде шеберлер (жоғарыда аты аталғандардан кейінгі – С.О.) Дәркембай Шоқпарұлы (жан-жақты өнер иесі), Жолаушы Тұрлығұлов (скрипка жасаудың да майталман шебері), Жақсылық Оспанов, 1986 жылдары Құрманғазы атында-

ғы мемлекеттік консерваториясында қызмет істеген Мұса Әділов, Нұрбек Әділбеков (әрі белгілі әнші, кейін Павлодар қаласындағы С. Торайғыров атындағы Мемлекеттік педагогикалық университеті жанындағы музыка шеберханасын басқарды), Алматыдағы «Шертер» ұлттық саз аспаптары шеберханасының директоры Бақытжан Ділманов, Омар, Қайрат Рухановтар, «ДЭЖКО» жанрының авторы Жасарал Еңсепов (ҚР білім беру ісінің үздігі, күйші-композитор) үлкен еңбек сіңірді.

Солардың арасынан «Үкілі домбыра» байқауының және басқа да конкурстардың бірнеше дүркін лауреаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Жолаушы Әбілғазыұлын ерекше атауға болады. Жолдаушының шәкірттері Е. Рахымбеков, А. Мұстафаев та елге танымал шеберлер. Алмас домбыра аспабын жетілдіруге атсалысып, жақсы нәтижелерге жетті. Жеке шеберхана ашқан. Домбыра сайысында бас жүлде алып, «Үкілі домбыра» байқауының Гранпри иегері атанды. Жыл сайын өтетін «Шебер» конкурсының да лауреаты. Ежелгі қазақ театр өнерінің бір саласы «Ортеке» аспабын қайта жаңғыртты. Сондай-ақ Ж. Тұрлығұловтың шәкірттері Н. Орынбасаров «Үкілі домбыра» байқауында бірінші, Е. Бақытжан екінші орын иеленді.

5 Қорытынды

Домбыра – қазақтың ең сүйікті музыкалық аспабы. Ол қазір тұтас ағаштан ойылып та, құралып та жасалып жүр.

Ізденістер, зерттеулер арқасында қазақи домбыраның бет-бейнесі де, үні де өзгеріп, дыбыстық, саздық құрылымы жетіле түсті. Алайда аспап жасау дәстүрі толығымен сақталды, домбыраның қоңыр үні баяғы қалпына келтірілді деп айту әлі де ерте сияқты. Оны марқұм, мәдени, саясат және өнертану институтының акустика және музыкалық технология лабораториясы меңгерушісі қызметін атқарған, өнертану ғылымының кандидаты, домбырашы, дирижер Жұмагелді Нәжімеденов айтып кеткен еді. Ғалым әсіресе домбыраның акустикасы мен ішегіне көбірек көңіл бөліп, қазақ домбырасының ішегі табиғи материал – қойдың немесе ешкінің ащы шегінен жасалатынын, оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі технологиямен өңделетінін ескертіп, осындай ішек дайындау қажеттігін, ол үшін Полтава қаласындағы ет комбинаты қарамағындағы ішек дайындайтын цехқа тапсырыс беру керектігін қайта-қайта жазды. Өйткені, Полтавада жасалған арфаның ішегі домбыраға сәйкес келеді екен. Жұмагелді бұл ішекті фабрикада жасалған қарапайым домбыраға тағып, тартып көргенде, тембрінің байлығы (қоңырлығы) артып, дыбысы да күшейе түсіпті. Қазақ «Домбыраның қасиеті – ішегінде, қобыздың қасиеті – қылында» дейді. Сондықтан домбыра жасаушылар мен оны зерттеуші ғалымдар домбыра ішегін дайындау жайын әлі де зерделей түссе, артық болмас еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қажығалиев Ш. Күйдің бағын кім жандырады? // Жұлдыз. – 1989. – № 2.
- 2 Сарыбаев Б. Қазақ музыкалық аспаптары. – Нұр-Сұлтан, 2019. – Б. 116-145.
- 3 Қазақ музыкасының алғашқы адымы // Социалистік Қазақстан. 18 қыркүйек 1934.
- 4 Оспанова Ұ. Күмбірлетіп күй төккен // Мәдениет. – 2001. – № 9 (60). – Б. 28.
- 5 Қазақ Совет энциклопедиясы. 6 т. – Алматы: Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1975. – Б. 540.
- 6 Исабаев Қ. Сталинге домбыра жасаған шебер // Ана тілі, 18 тамыз 2005.
- 7 Әлімжанов Б. Дала жауһарларын жаңғыртқан Затаевич // Қазақ әдебиеті, 12.04.2019.
- 8 Әлдербаев М. Домбыра туралы аз-кем әңгіме // Егемен Қазақстан, 27 ақпан 2008.
- 9 Нәжімеденов Ж. Домбыраның ұлттық қоңыр үнін қалай сақтап қалуға болады? // Ақиқат. – 2007. – №11.

Мақала редакцияға түсті: 21.09.2020

**ОСПАНОВ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М.
КАК РАЗВИВАЛОСЬ ДЕЛО ИЗГОТОВЛЕНИЯ ДОМБРЫ?**

За исключением аль-Фараби, Абая и Чокана, выходцев из казахстанских земель, инструментальная наука в Казахстане началась только в 1964 году. Среди населения встречаются домбра, кылкобыз, сыбызгы и др. Хотя и были производители традиционных музыкальных инструментов, они не занимались этой работой и не открывали мастерских. Домбра изготавливается только из массива дерева. Изготовление с использованием составных частей появилось позже.

В этой статье рассматривается, как и когда в Казахстане делали домбру, как улучшить качество нашего национального инструмента.

Ключевые слова: домбра, кюй, искусство, мастер, музыка, мастерская, музыкальный инструмент.

**OSPANOV, S., MYRZAGALIYEVA, K.M.
HOW DOMBRA PRODUCTION DEVELOPED?**

Except for al-Farabi, Abai and Chokan, who came from Kazakh lands, the science of instrumental science began to be practiced in Kazakhstan only in 1964. Among the population there are dombra, kylkobyz, sybyzgy, etc. Although they were the creators of traditional musical instruments, they were not engaged in this work and did not open workshops. The dombra is made only of solid wood. Manufacturing with use of the component parts appeared later.

This article examines how and when the dombra was made in Kazakhstan, how to improve the quality of our national instrument.

Key words: dombra, kui, art, master, music, workshop, musical instrument.

ӘОЖ 82.0(574)

Оспанұлы, С.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының профессоры*

Мырзағалиева, К.М.

*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ,
Қостанай, Қазақстан*

ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР А.В. ЗАТАЕВИЧКЕ ҚАНДАЙ ӘНДЕР ЖАЗДЫРДЫ?

Түйін

Мақалада музыка зерттеушісі А.В. Затаевичке қазақ әндерін жаздырған қостанайлықтар, олардың кім екендіктері, мамандықтары, қанша, қандай әндер бергені сөз болады. Сондай-ақ оларға қазақ әндері мен күйлерін жинап, нотаға түсірген музыка зерттеушісі Александр Викторовичтің берген бағасы да айтылады.

Кілт сөздер: музыка, ән, күй, дәстүр, әнші, күйші, театр.

1 Кіріспе

Қазақ халқының музыка мәдениетіне зор үлес қосып, оның ілгері басуына ықпал еткен айтулы тұлғалардың бірі – ұлты поляк Александр Викторович Затаевич.

Қазақтың дәстүрлі музыкасымен ол 1920 жылы Орынбор қаласына қызмет бабымен келгенде танысады. Алғаш оған қызыға қарап, әуендерді құмарта тыңдаған ол оның ұшан-теңіз байлығына көз жеткізеді. Сөйтіп, халық мұрасын жинап, зерттей бастайды. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталмай жатып, азамат соғысы басталған елді аштық, ауру меңдеген